Шымкент қаласы «14» сәуір 2019ж.
*шығыс № 4*

**«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесіне**

**«Kazakh tehnology Co.ltd» ЖШС-нің директоры Турганбаева Асель Бахытжановнадан**

# ШАҒЫМ

«Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңсыз іс-қимыл әрекетіне

«Kazakh tehnology Co.ltd» ЖШС-гі, Мақтаарал ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 26.02.2019 жылы жарияланған *№3147389-1, «Мақтаарал аудаы Мырзакент кентіндегі көшелерді жарықтандыру бойынша жұмыстар»,* конкурсына қатысуға өтінім берген.

«Kazakh tehnology Co.ltd» ЖШС-не конкурстық комиссияның 12.04.2019 жылғы №2926398 қорытындылар туралы хаттамасында *(Установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям:Несоответствие потенциального поставщика квалификационным требованиям в части обладания материальными и трудовыми ресурсами, достаточными для исполнения обязательств по договору, указанным технической спецификацией; – не предоставлен полностью потверждающие документы для машины и механизмы согласно перечня основных видов строительных машин, механизмов, автотранспортных средств (Подъемник мачтовые высота подъема 50 м) а именно платежное поручение.)* деген негіздермен негізсіз рұқсат бермеу шешімін қабылдаған.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабы 2 тармағының 1) тармақшасында **«Мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің қатысуын шектейтін және негізсіз күрделендіретін, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігінен тікелей туындамайтын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.»** делінген, нәтижесінде конкурстық комиссия мүшелері артық талап қойып Заңның 9 бабының 2 тармағының талаптарын өрескел бұзып отыр.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары» (әрі қарай – Қағидалар).

Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілердің шартты жеңілдіктерін есептеу барысында Қағиданың 155 және 161 тармақтарының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «Kazakh tehnology Co.ltd» ЖШС-нің жұмыс өтілуін есептеу барысында 2013 жылы 1 жұмыс, 2014 жылы 2 жұмыс, 2016 жылы 1 жұмыс, 2017 жылы 1 жұмыс, 2018 жылы 1 жұмыстың құжаттарын толық ұсынғанына қарамастан негізсіз 5,2 пайыз шартты жеңілдіктерін кем есептеген. Нәтижесінде

конкурстық комиссия тарапынан Қағиданың 150 тармағы 1 тармақшасының, 155 және 161 тармақтарының талаптарын сақтамаған.

Осыған байланысты және ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7-11 бабтарын басшылыққа алып

**сұраймын:**

1. Шағымда көрсетілген Заң бұзушылықтар жөнінде тексеру жүргізіп, көрсетілген уәждерім өз дәлелін тапса 12.04.2019 жылғы №2926398 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауыңызды.
2. «Kazakh tehnology Co.ltd» ЖШС-не конкурсқа қатысуға *(жіберуіңізді)* рұқсат беруіңізді
3. Конкурстық комиссия мүшелерінің барлығын мемлекеттік сатып алу туралы Заның, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарын әдейі және өрескел бұзғаны үшін, қатаң тәртәптік жауапкершілікке тартуыңызды
4. 5 жыл жұмыс өтіліне байланысты 5,2 пайыз шартты жеңілдіктерін есептеуіңізді
5. Шағым бойынша Заңды көзделген мерзім ішінде жауап беруіңізді

**Құрметпен «Kazakh tehnology Co.ltd»**
**ЖШС-нің директоры: Турганбаева А.Б.**